

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасы

«6В04205 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы
7123 Қылмыстық-атқару құқығы пәнінен
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ, 2025

«6B04205 – Құқықтану» мамандығы бойынша 7123 Қылмыстық атқару құқығы пәнінен емтихан бағдарламасын Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к. А.Д. Байсаловпен әзірленді

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«24» 06 2025 ж. №20 Хаттама

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі,

з.ғ.д., профессор _____ Р.Е. Джансараева

Оқыту және білім беру бөлімі бойынша
Академиялық комитеттің төрайымы _____ А.А. Урисбаева

«25» 06 2025 ж. №11 Хаттама

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды

«26» 06 2025 ж. №10 Хаттама

Ғылыми хатшы _____ Г.М. Атаханова

Кіріспе

«БВ04205 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді оқыту Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты мен академиялық саясатқа сәйкес пәнді оқып игеру қорытынды бақылау - емтихан тапсырумен аяқталады. Емтихан жазбаша жүргізіледі: дәстүрлі- сұрақтарға жауаптар беру. Емтихан форматы-синхронды. Емтиханға (қорытынды бақылауға) төлем бойынша берешегі жоқ, бакалаврға арналған оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Қорытынды емтихан (қорытынды бақылау) академиялық күнтізбе мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, көрсетілген мерзімдерде жүргізіледі.

Оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинай алмаған студенттер қанағаттанарлықсыз бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Егер студент оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға уақытылы қатыспаса, емтихан ведомосындағы оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады. Студенттің дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріледі.

«FX» белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда студентке емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін студент емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция беру мүмкіндігі қарастырылған.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны осы аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді

Емтихан сұрақтары тиісті тексерістен өткеннен кейін бекітіледі.

««БВ04205 – Құқықтану»» білім беру бағдарламасы 103263 Қылмыстық атқару құқығы пәнінен емтихан бағдарламасы - 5 кредит Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар

1 Тақырып. Қылмыстық-атқару құқығының түсінігі, пәні және жүйесі Қылмыстық атқару құқығының түсінігі пән және жүйелік бағамы. ҚР-ның мемлекеттік саясаты. Жазалау қылмысының атқару саласында. Құқық және қылмыстық атқару заңнамасының тарихының дамуы. Қылмыстық атқару заңнамасының қағидалары. Қылмыстық атқару құқығының нормалары, және көздері. Қылмыстық атқарудағы құқықтық қайраткерлері.

2 Тақырып. Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару заңнамасы. Қылмыстық атқару құқығы мен заңнамасының даму тарихы. Қылмыстық атқару заңнамасының қағидалары.

3 Тақырып. ҚР Қылмыстық атқару заңнамасы бойынша сотталушылардың құқықтық жағдайы.

Сотталғандардың сипаттамасы, сотталушылардың негізгі құқықтары

мен міндеттері. Жазасын өтеудегілердің, тұлғаның жағдайының құқықтық түсінігі. Сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4 Тақырып. Жазаны атқаратын мекемелер және органдар жүйесінің сипаттамасы.

Түзеу мекемелерінің жүйесі және олардың қызметін бақылаудағы негізгі бағыттар. Жазаның атқарылуы, мемлекеттік органдар және мекеме түрлері. Жазаның орындалуы, мемлекеттік органдар және мекемелік тапсырма. Түзеу мекемесі қызметінің құқықтық жағдайы. Прокурорлық қадағалау. Жазаның атқарылуы, мекеме және орган қызметін қадағалау.

5 Тақырып. Сотталушыны қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды атқарудың құқықтық негіздері. Шартты түрде сотталу, пробациялық бақылау негіздері мен талаптары. Мүлікті тәркілеу және айыппұл түріндегі жазаның атқарылуының жағдайы және тәртібі. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару тәртібі. Бас бостандықтан шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі. Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және наградаларын айыру туралы сот үкімін атқару тәртібі.

6 Тақырып. Қамаққа алу түріндегі жазаны орындау. Қамаққа алуды орындау тәртібі мен жағдайлары. Тергеу изоляторында қамауда ұстаудың тәртібі мен шарттары. Қамауда отырғандардың босатудың тәртібі мен негіздері.

7 Тақырып. Әртүрлі нысандағы түзеу мекемелерінде жазаны өтеудің режимі және шарттары. Пенитенциарлық қауіпсіздік жағдайлары мен негіздері жайлы жазыңыз

8 Тақырып. Сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазаларды атқарудың тәртібі мен шарттары. Жазаны өтеуден сотталушыларды босатудың құқықтық негізі және оларды бақылау

9-10 Тақырып. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды жіктеу. Түзеу мекемелеріндегі режимді құқықтық реттеу. Бас бостандығын айыру орындауларында ұстау режимінің құқықтық реттелуі. Түзеу мекемелерінде сотталғандарды ұстау шарттары. Сотталғандардың еңбегін құқықты реттеу, тәрбиелеу жұмыстары және кәсіби техникалық білім алу. Түзеу колониясындағы жазаны өтеу режимдерін дифференциалау шарттары. Түзеу мекеме түрін өзгерту. Әйел жынысындағы сотталғандардың жазаны өтеу ерекшіліктері.

11 Тақырып. Шет елдерде қылмыстық жазаны атқару.

Сотталушылармен қарымқатынастағы халықаралық актілерге сипаттама. Сотталғандардың халықаралық актіге жүгінуі. Кейбір шетелдергі қылмыстық жазаны өтеудің тәртібі. Халықаралық құжат және өлім жазасы.

12 Тақырып. ҚР Қылмыстық атқару жүйесіндегі реформалар кезеңдері. ҚР негізгі қылмыстық саясат кезеңдері, сонымен қатар қылмыстық құқықтық, қылмыстық процестік және қылмыстық атқарушылық саясат бағыттары

13 Тақырып. Қоғамдық жұмыстарға тарту мен түзеу жұмыстарын орындауға қатысты әлеуметтік құқықтық мәселелер. Айыппұл түріндегі

жаза мөлшері және оны орындау тәртібі

14-15 Тақырып. Қосымша жазаларды орындау тәртібі және ерекшеліктері. Қылмыстық және қылмыстық атқару заңдары бойынша тәркілеу түріндегі қосымша жазаны орындау ерекшеліктері

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық

Емтихан форматы- off-line, жазбаша емтихан.

Жазбаша емтиханды тапсыру процесі оқытушының «Univer» ақпараттық жүйесіне енгізілген емтихан сұрақтарының негізінде автоматты түрде жасақталу арқылы жүреді. Офис-тіркеуші әзірлеген келу парақтары мен пән бойынша жасақталған билеттер деканат қызметкерлерімен off-line режимде емтихан өткізу үшін басып шығарылады.

Емтиханның өтуін бақылау: Off-line режимде өтетін емтиханды пәнді оқыту процесіне араласпаған кезекші оқытушы бақылайды. Емтихан қабылдайтын аудиторияда дыбыс жазу құрылғылары бар бейнебақылау камералары орнатылады.

«Univer» ақпараттық жүйесіне енгізілген емтихан сұрақтарының жалпы саны – бакалариаат-45; магистратура-30; докторантура-15.

Off-line режимде өтетін емтиханды ұзақтығы: Жасақталған 3 сұрақтан тұратын емтихан билетіне жауап беру үшін әрбір білім алушыға 120 минут уақыт беріледі.

Off-line режимдегі емтихан алдын ала білім алушылар мен оқытушыны ескерте отырып кесте бойынша өтеді. Off-line режимде өтетін емтихан басталуға 15 минут қалғанда кезекші оқытушы білім алушыларды отырғызады. Отыратын орындары көрсетілген келу парақтары толтырылады. Кезекші оқытушы Off-line режимде өтетін емтиханға келген білім алушыны жеке куәлігі бойынша тексереді. Off-line режимде өтетін емтиханға білім алушының орнына бөтен адам келген ретте осы бұзушылық турасында хаттама толтырылады. Емтиханға өзімен бірге шпаргалка, ұялы телефон, смарт-сағаттар және т.б. техникалық құрылғылар мен өзге де рұқсат етілмеген ақпарат алу құралдарын алып кіруге немесе пайдалануға, өзге білім алушылармен не бөгде адаммен сөйлесуге, біреудің ТАӘ немесе басқа да жеке басын куәландыратын жауап парақтарын көшіруге тиым салынады. Аталған жағдайлар орын алғанда хаттама толытырыла отырып, тәртіпті бұзушыға осы пән бойынша «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады. Акті шағымдануға және апелляциялық тәртіпте қарауға жатпайды. Емтихан қорытындысы бойынша жауаптарды тексеру және алған балын «Univer» ақпараттық жүйесіндегі аттестациялық ведомостьке енгізу уақыты – 48 сағатқа дейінгі уақытты қамтиды.

Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау, орындалған тапсырманы бағалау.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{AB1 + AB2}{2} \times 0,6 + B \times 0,4$$

мұнда AB – аралық бақылау. ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдардың (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Қорытынды бақылауды бағалау критерилерінің рубрикаторы

Пән: Қылмыстық-атқару құқығы

«Форма: жазбаша (оффлайн). Платформа: Univer АЖ

1 сұрақ, максималды балл - 33						
№	Балл	ДИСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
Критерий						
1	Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	Жазаны атқару туралы теориялары мен тұжырымдамалардың толық ашылуын, әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда талқыланған тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады.	Сұрақтың толық, бірақ егжей-тегжейлі емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігін бұзуға мүмкіндік береді. Жауапта стилистикалық қателіктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін	Сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді Үстірт дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің мысалдарымен суреттемейді	Қойылған сұрақтарды дұрыс жарияламау, қате дәлелдеу, нақты және сөйлеу қателіктері, дұрыс емес қорытынды жасау.	Қылмыстық жаза туралы негізгі ұғымдарын, теорияларын білмеу; қорытынды бақылау жүргізу ережелерін бұзу.

2 сұрақ, максималды балл - 33						
№	Балл	ДИСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
Критерий						
2	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагментті түрде баяндалады, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге, Үстірт қолданылатын курстың теориялық білімдеріне жол беріледі.	Байланысы шамалы немесе жоқ. зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен

					кемшіліктерді қабылдау.
--	--	--	--	--	-------------------------

3 сұрақ, максималды балл - 34						
№	Балл	ДИСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
Критерий						
3	Таңдалған Әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ережелер мен қолданылған әдістеменің технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер бар	Тапсырма ерескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін максималды-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «adilet.kz», 2020ж.
2. ҚР Қылмыстық атқару кодексі. 05.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «adilet.kz», 2020ж.
3. Еламанов, С.Х.. Уголовно-правовые и криминологические проблемы злостного уклонения от уплаты средств на содержание детей или нетрудоспособных родителей - Алматы, 2011.
4. Рахимбеков, Б.Г. Кодификация уголовно-исполнительного законодательства стран СНГ и Республики Казахстан. – Караганда, 2012.
5. Сагалбаева Р.Е. Правовое положение лиц, находящихся в местах содержания под стражей (уголовно-исполнительный аспект). – Алматы, 2012.
6. Нурбаев Д. А. Уголовно-исполнительное право Республики Казахстан. – Алматы: Дәнекер, 2011.

7. Козаченко И.Я., Деткова А.П. Уголовно-исполнительное право. – М., 2019. – 408 с.

8. Казакова В.А. Уголовно-исполнительное право: учебник для вузов. – М., 2015. – 455 с.